

## Бір жолғы талондардың құны туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 қазандағы N 24-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 23 қарашада N 5-16-102 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 33-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2011.12.21 N 33-5 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6 бабына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабына сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тарбағатай ауданындағы базарлардағы тауарлар өткізетін азаматтарға біржолғы талондардың құны № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Тарбағатай ауданы бойынша ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны № 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Рахымбаев*

*Т а р б а ғ а т а й  
мәслихатының хатшысы*

*а у д а н д ы қ  
М. Мағжаев*

Тарбағатай аудандық мәслихатының  
2010 жылғы 27 қазандағы  
№ 24-7 шешіміне № 1 қосымша

**Тарбағатай ауданы бойынша базарлардағы тауар өткізетін азаматтарға бір жолғы талондардың құны (әр сатушыдан 1 күндік сауда үшін теңгемен)**

р/с	Сауда түрлері және тауарлар ассортименті	1 күндік талонның құны (теңге)
1	Азық-түлік тауарлары:	

	гастрономия, бакалея, кондитер өнімдері	120
	сөреден көкөністер, жемістер сату	200
	балмұздақ, салкындатқыш сусындар	100
	нан, тоқаш, кулинария өнімдерін сату	60
	стационарлық орыннан ет сату:	
	а) ірі қара малының етін сату	220
	б) қой етін сату	160
2	Азық-түлік емес тауарлары:	
	өнеркәсіп тауарлары: киімдер	120
	қолдан сауда жасау	100
	қолданылған тауарлар сату	100
	көліктің қосалқы бөлшектерін сату:	
	а) пайдаланылған	100
	б) пайдаланылмаған	180
	аяқ киім жөндеу бойынша қызмет көрсету	150
	шаштараз қызмет көрсету	200
	киім пішу, тігу	100
	бет әрлеу	200
	массаж жасау	200
	мотор майларын, тежегіш, салкындатқыш сұйықтығын (тосол) сату	100
3	Жеке жүк автомобилдердің үстінен жүк сату:	
	жүк көтерімі 3 тоннаға дейін	600
	жүк көтерімі 3 тоннадан жоғары	1500

Тарбағатай аудандық мәслихатының  
2010 жылы 27 қазандағы  
№ 24-7 шешіміне № 2 қосымша

**Тарбағатай ауданы бойынша ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны /теңге/**

Р/с	Қызмет түрлерінің атауы	1 күндік талон құны (теңге)
1	Жеке тракторлармен жер өңдеу қызметін атқару, шөп шабу, сату, тасымалдау	350
2	Ауыл тұрғындарының жеке меншік малдарын ақы алып бағу:	
	а) қой	100
	б) ірі қара	200
	в) жылқы	300
3	Ірі қара, қой, жылқы малдарын сату:	
	а) қойға	150
	б) ірі қара малға	300
	в) жылқыға	600
4	Жеке меншік үйден монша қызметін көрсету	200
5	Көмір сату 1 тоннаға 6000 тг x 5%	300

6	Газеттер мен журналдар	100
7	Тұқым сондай-ақ отырғызылатын бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, үй жануарлары мен құстардың жемдерін	200
8	Сыпыртқылар мен сыпырғылар	150
9	Балық сату	200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК